

39% интересуются иногда и лишь 11% ответили, что интересуются. Ответы на эти вопросы, показывают, что на данном этапе подготовки, ребята еще не имеют достаточно знаний и опыта, чтобы осознавать и понимать от чего зависит достижение результатов в дзюдо.

На десятый вопрос, о том в какой степени они проявляют волевою активность на тренировках – 75% ответили, что возникшие трудности преодолевают, 14% проявляют не всегда, и 11% проявляют редко. На одиннадцатый вопрос, 64% ответили, что иногда добиваются выполнения своих планов, 4% добиваются редко и 32% добиваются всегда. Это свидетельствует, что большинство юных спортсменов не понимают значения волевой активности в спорте. Для большинства из них видимо потребуются специальная психологическая работа, чтобы убедить в том, что достижение спортивных результатов невозможно без приложения значительных усилий. Ответ на двенадцатый вопрос показал, что спортсмены достаточно адекватно относятся к посещению тренировок и большинство мальчиков занятия не пропускает.

Таким образом, установлены некоторые, требующие особого внимания, проблемные моменты, связанные с формированием интереса и мотивации к занятиям дзюдо, а также детальной разработкой содержания бесед и тренингов по развитию мотивации, волевых качеств и их внедрением в учебно-тренировочный процесс дзюдоистов.

Выводы.

1. Использование психодиагностики в работе тренера позволяет выявить ряд важных факторов (интересы, мотивы, отношение к спортивной деятельности, понимание спортсменами путей достижения поставленной цели), которые будут помогать ему правильно организовать психологическую работу с данными спортсменами. 2. Данные психодиагностики дают возможность тренеру работать «не вслепую» или «интуитивно», а выходить на решение проблемных ситуаций, которые могут возникнуть в работе с юными спортсменами опираясь на конкретные факты.

Литература:

1. Ильин Е.П. Психология спорта / Е.П. Ильин. - СПб., 2012. - 352 с.
2. Сопов В.Ф. Теория и методика психологической подготовки в современном спорте / В.Ф.Сопов. – М.: Советский спорт, 2010. – 117 с.
3. Марищук, В.Л., Серова Л.К., Ю.М. Блудов Ю.М. Психодиагностика в спорте / В.Л. Марищук, Л.К. Серова, Ю.М. Блудов. – М., 2005. – 349 с.
4. Психодиагностика личности при занятиях физической культурой и спортом: Учебное пособие / Г.Д. Бабушкин. – Омск: Изд-во СибГУФК, 2012. – 252 с.
5. Шумилин, А.П. Формирование мотивации результативности соревновательной деятельности юных дзюдоистов: дис. ... канд. пед. наук / А.П. Шумилин. – Красноярск, 2003. – 150 с

Рымбекқызы Н., Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, КА-23 тобының студенті

(*Ғылыми жетекшісі - оқытушы, фил. ғыл. магистрі Алишынбаева М.А.,*)

АҒЫЛШЫҢ ТІЛІН ОҚЫТУ БАРЫСЫНДА МОБИЛЬДІ ҚОСЫМШАЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

Адамзат қоғамының заманауи дамуы бүкіл адамзат қызметінің салаларына араласатын, ақпараттық ағындардың таралуын қамтамасыз ететін, жаһандық ақпараттық аумақты қалыптастыратын ақпараттық технологиялардың әсер етуімен сипатталады. Қоғамды ақпараттандырудың ажырамас және маңызды бөлігі білім беруді ақпараттандыру болып табылады. Қазіргі уақытта әлемде шамамен бір жарым миллиард ұялы телефон бар, бұл компьютерлерге қарағанда үш есе көп [1]. Технологиялық жетістіктер негізінде мобилді құрылғылар жаңа техникалық мүмкіндіктерге ие, сымсыз байланыс арналарында деректерді беру жылдамдығы мен сенімділігі өсіп келеді. Ұялы телефондар, смартфондар, планшеттік компьютерлер адамның цифрлық өмірінің негізгі бөлігіне айналды. Есептерге сәйкес, соңғы бес жылда компьютерді, жылжымалы ақпараттық технологияларды қалай пайдалану керектігін білетін жасөспірімдер шамамен он есеге арттырды. Қазіргі уақытта барлығында дерлік мобилді құрылғылар бар, ол кез-келген ақпаратқа қол жеткізудің ыңғайлы құралы, атап айтсақ білім алуде. Студенттер смартфондар, коммуникаторлар және планшеттік компьютерлер беретін білім беру мүмкіндіктері туралы нашар біледі. Көптеген зерттеулерде анықталғандай, жасөспірімдер негізінен ойын компьютерлерімен және ойынға арналған мобилді бағдарламалар және қосымшалармен таныс, ұялы телефондар мен компьютерлік

техникаларды ойын-сауық үшін қолданады. Сонымен қатар, компьютермен жұмыс істеудің когнитивтік, әсіресе білім беру мүмкіндіктері шамамен 20-шы орында тұр.

Шетелде мобильді ақпараттық технологиялардың көмегімен білім беру маңызды. Бұл проблеманы К.Бетти [2], В.М. Фрэнк, С. Фрейник, Д. Ричардсон [3] және т.б. шетелдік зерттеушілер қарастырған болатын.

Мобильді құрылғыларды «Шетел тілі» пәнін оқыту барысында қолдану смартфондар мен планшетті компьютерлердің көптеген қолданушылары арасында танымалдылық жинауда. Ағылшын тілін үйрену бұл үрдістің үздіксіз болатындығын білдіреді. Мобильді ақпараттық технологиялардың көмегімен, гаджеттерді қолданып оқыту сапаның және қарқындылықтың артуына көмектеседі. Осылайша, шетел тілдерін оқытудың көптеген әдістері бар, атап айтқанда ағылшын тілін, ақпараттық технологияларды және техникалық құралдарды пайдалануды қамтитын, білім беру материалдарының жоғары ақпараттық қабілеттілігін қамтамасыз ететін, студенттердің танымдық белсенділігі арттыру, сабақтардың қарқындылығын жақсарту, даралау және саралау.

Ағылшын тілін оқытуға бағытталған танымал қосымшаларға Learn English Elementary [4], Duolingo қосымшасын [5], Memrise мобильді қосымшасын [6], Grammar Up [7], LangBook [8], сөз жаттауға арналған LinguaLeo қосымшасын [9] және т.б. жатқызуға болады.

Learn English Elementary қосымшасы - бұл ағылшын тілін оқып жатқан оқушылары үшін ұялы телефондарға жүктелетін және кез келген уақытта пайдаланушы үшін қолайлы болуы мүмкін подкасттардың сериясы. Әр шығарылым 20 минутқа созылады және тыңдаушыларға арналған сұрақтармен сүйемелденеді. Түсінуге оңай болу үшін субтитрлер қаралған.

Қолжетімді Duolingo қосымшасының көмегімен сіз тек ағылшын тілін ғана емес сонымен қатар, итальян, француз, испан, неміс, португал тілдерін үйрене аласыз. Оны ағылшын тілін басынан үйреніп жатқандарға қосымша нұсқаулық ретінде қолдануға болады. Интерактивті сабақтардың келесі кезеңін жүктеу үшін интернетке қосылу қажет. Оқу курсы «қарапайымнан қиынына дейін» принципі бойынша бөлінеді. Duolingo білім беру қосымшасында жазбаша және ауызша сөйлеу дағдыларын жаттықтыруға (сізге өткен сөздерді дыбыстауды өтінеді), оқу және тыңдау дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік бар.

Білім берудің мобильдік қосымшасы Memrise-дің көмегімен ағылшын тілін және көптеген басқа тілдерді үйренуге болады, бұл қосымша аттар сайттың жалғасы болып табылады. Бұл бағдарламаның интуитивті интерфейсі бар, ол өз кезегінде пайдаланушыға ағылшын тілін оқуға бірден кірісуге мүмкіндік береді. Суреттер көмегімен жаңа сөздерді үйрену, қайталау және пысықтау бойынша практикалық интерактивті тапсырмалар оқу лексиканың дамуына тиісді ықпал етеді.

Grammar Up қосымшасы шет тілінде сөйлем құрағанда, артикльдерді қолданған қиындықтар туындайтын және грамматикалық қиындықтармен жиі кездесетін қолданушыларға арналған. Білім беру қосымшасында ережелері мен қолдану мысалдары бар. Студентке сынақтан өтуге, лексикалық сөздік қорын пысықтауға және жаңа сөздер қосуға мүмкіндік беріледі. Сондай-ақ бұл қосымшаның ағылшын тілінде сөйлеу дағдысын идиома мен фразалық етістіктерді қолдану арқылы жаттықтыруға мүмкіндік беретін Phrasal Verbs Lite нұсқасы бар.

LangBook білім беру қосымшасы аудармаға, сондай-ақ оқытуға арналған. Бұл білім беру қосымшасы пайдаланушыларға тезаурус, түсіндірме, энциклопедиялық, географиялық, инженерлік және көптеген басқа сөздіктерді ұсынады. Мысалы, қосымшада аудармашы бар сөздік, шетел тілін оқу және күрделі сөздерді есте сақтау үшін арнайы құралдар бар. LangBook қосымшасын жасаушылар сұранысқа қарай сөздіктер мен сөздерді дұрыс дыбыстауды жүктеуді ұйымдастырды. Сонымен қатар, бұл қосымша сауатты түрде құрылымдық және оқу тақырыптары бойынша бөлінген тапсырмалары бар интерактивті карталар көмегімен шетел тілдерін үйренуге көмектеседі. Бағдарламаның негізгі мақсаты - сөздіктің функцияларын орындау. Қосымшада тек ағылшын-орыс және орысша-ағылшынша сөздіктер бар, олар миллион сөзді қамтиды. Бағдарламаға енгізілген аудармашы тек сөйлемдерді ғана емес, сонымен бірге барлық мәтіндерді аударуға мүмкіндік береді. Аударманың дәл болуы үшін пайдаланушыға мәтінді қолмен теру ұсынылады. Бағдарламаның ерекшелігі - ол офлайн режимде жұмыс істей алады.

LinguaLeo сөздерді есте сақтау қосымшасы төрт оқыту түрін ұсынады: сөз- аударма, аударма-сөз, сөз конструкторы, тыңдалым. Қосымша шетелдік сөздерді үйренуге, оқуға, мәтіндерді тыңдауға, кроссвортарды шешуге мүмкіндік беретін сайтпен біріктірілген. Сайтта оқылу барлық сөздерді мобильді нұсқада алуға болады.

Осылайша, мобильді құрылғыларды қолдана отырып, ағылшын тілін оқытуды ұйымдастырудың ұсынылған тәсілі техникалық құрылғылардың көмегімен шетел тілдерін оқытудың бұрыннан қалыптасқан дәстүрлерін жалғастырып қана қоймай, оларды мобильді платформалардың түбегейлі

жаңа мүмкіндіктерін қолдану арқылы кеңейтеді. Ол шет тілінің оқу ортасын кеңейтіп, оны компьютерлік бағдарламаның және тіпті компьютерлік желілердің шегінен тыс қамтамасыз етеді. Ұсынылған мобильді технологияларды қолдану барысында алынған тәжірибе мобильді қосымшаларды білім беруде қолдану қазіргі заманғы білім беру тәжірибесінде жүзеге асырылуы мүмкін болатындығын және тиімділігін көрсетті. Сонымен қатар, мобильдік ақпараттық технологияларды қолдану арқылы шет тілін, атап айтқанда, ағылшын тілін меңгеру тәуелсіз және ойын іс-әрекеттері түрінде жүзеге асырылады, бұл өз кезегінде ағылшын тілін сәтті дамытуға ықпал етеді.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Дедова О.В. О языке Интернета / О.В. Дедова // Вестник МГУ. Сер. 9. Филология. – 2010. – №3. – С. 25–38.
2. Beatty K. Mobile language learning: the world in our hands // Anaheim University, USA. – 2015 – №17
3. Frank V.M., Freynik S., Richardson D.L. Technologies for foreign language learning: a review of technology types and their effectiveness // Center for Advanced Study of Language, University of Maryland, College Park, MD. – 2014. – №1. – Т. 27 [Электронды ресурс]. – Кіру режимі: <https://www.learntechlib.org/p/153571>
4. LearnEnglish Podcasts. – 2016 [Электронды ресурс]. – Кіру режимі: <https://play.google.com/store/apps/details?id=hk.hkbc.epodcast>
5. Duolingo: Учи языки бесплатно. 2016 [Электронды ресурс]. – Кіру режимі: <https://play.google.com/store/apps/details?id=com.duolingo&hl=ru>
6. Memrise – изучение языков. – 2016 [Электронды ресурс]. – Кіру режимі: <https://play.google.com/>
7. Grammar Up. – 2016 [Электронды ресурс]. – Кіру режимі: <https://play.google.com/store/apps/details?id=com.eknathkadam.grammarup&hl=ru>
8. LangBook = Офлайн словари + Онлайн переводчик + Изучение языков + Разговорник. – 2016 [Электронный ресурс]. – Кіру режимі: <https://itunes.apple.com/ru/app/langbook-oflajn-slovari-/id357766149?mt=>
9. Английский с Lingualeo. – 2016 [Электронды ресурс]. – Кіру режимі: <https://play.google.com/store/apps/details?id=com.lingualeo.android&hl=ru>

Серикбол Н., Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің дене мәдениеті және спорт факультеті, ДМЖС-31 тобы, студент
(*Ғылыми жетекшілер- п.ғ.к., профессор Бәжиг Ж., аға оқытушы Ануар С.*)

РУХАНИ ЖАНҒЫРУДЫҢ АЙШЫҒЫ — ҚҰСБЕГІЛІК ӨНЕРІМІЗДІҢ ТҮЛЕУІ

Құсбегілік — қазақ ұлтының қанына сіңген көне дәстүр. Көшпенділер өмірінен берік орын алған үлкен өнер. Оның тәлім-тәрбиесі атадан балаға қастерлі қалпымен жарасымды жалғасқан және жалғасып та келеді. Адамзат тарихындағы елеулі жаңалықтардың бірі де дәл осы құсбегілік өнер. Басқа басқа өнердің бұл түрі қазаққа етене жақын болғандықтан құсбегілік өнер біздің ұлтымыздың ерекшелігін айқындай, болмысын айшықтайтындай. Оған дәлел ретінде әлемдегі бірде бір елдің мемлекеттік рәміздерінде кездеспейтін қыран бүркіттің тек Қазақстанның ғана туында көрініс тапқандығын айтуға болады. Одан бөлек жыл сайын елімізде бүркітшілер сайысы өткізіліп, түрлі игі шаралар да өткізіліп тұрады. Бүркітті баулып, онымен аң аулау кәсібі, саятшылық өнердің бір түрі болып саналады. Бұл кәсіппен ертеде көбіне көшпелі түркі тілдес халықтар мен арабтар айналысқан.

Бүркітті қолға түсірудің бірнеше тәсілі бар. Бірінші жолы ұядан алу болса, екінші жолы жаба тоқу арқылы, ал үшінші тәсіл бүркіт тойатпағанда, яғни бүркіт жемтікке қатты тойып алып, ұша алмай қалған кезінде қуып жүріп, шаршағанда ұстап алу.

Құсбегілік бүркіт, ителгі, қаршыға, қырғи, тұйғын, тұрымтай, сұңқар, лашын, жағалтай сияқты жыртқыш құстарды қолға үйретіп, аңға, құсқа салатын саятшылық өнер. Құсбегілік қазақ, қырғыз халықтарында ежелден келе жатқан үлкен өнер ретінде саналады. Қазақ халқының арасында бұл өнердің тамаша шеберлері кең дәріптеледі. Мәселен, «Аспанда жүрсем қанатым талады, жерге қонсам жалайыр Шора алады», «Тінейдегі қасиет — ұялас екен сарқұспен, Шорадағы қасиет — тілдес екен бар құспен», — деген сөз-дер бар[1].

Құсбегілер қыран құсты тор құрып ұстайды немесе қарақанат балапан кезінде ұядан алады. Оның аяғына балақбау мен шыжым тағып, көзіне томаға кигізеді. Құсты әуелде шыжыммен ұшырып, қайыруы жеткен соң семіртіп түлетеді. Бұдан кейін құсты ақжеммен асырап, бос керілген арқанға қонақтатып, ұйқысын алып арытады. Жеңіл ұшып, жеңіл қонатын күйге келгенде аңға салады.

Көшпелі өмір салтын бастан кешірген қазақ халқы табиғатпен мейілінше етене болған. Көшпелілер табиғатты өз өмірлерінің бөлінбес сыңарына балап, табиғат тылсымын неғұрлым